

Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 579 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 193 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.04.2015 № 193 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	7 мамырдағы
№ 579	қаулысымен
бекітілген	

Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және газ желісі ұйымдарын аккредиттеуді жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен ұғымдар қолданылады:

1) газ желісі ұйымы – аккредиттеу туралы куәлігі бар және газ толтыру станциясын, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалануды, сондай-ақ Заңда белгіленген жағдайларда сұйытылған мұнай газын көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) уәкілетті орган – газды өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді, сондай-ақ елді мекендердің шекаралары шегінен тыс тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді және тұтынуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) газ толтыру станциясы – сұйытылған мұнай газын сақтауға, теміржол цистерналарына, автогаз тасымалдағыштарға, тұрмыстық баллондарға қотаруға және құюға, сондай-ақ тұрмыстық баллондарды жөндеуге және кәдеге жаратуға арналған технологиялық өзара байланысты өндірістік және өзге де объектілер к е ш е н і .

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге анықтамалар мен ұғымдар Заңға с ә й к е с қ о л д а н ы л а д ы .

3. Аккредиттеуді уәкілетті орган жүргізеді, аккредиттелетін субъектінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады және аккредиттеу туралы куәлікпен р а с т а л а д ы .

4. Аккредиттеу мынадай негізгі кезеңдерді көздейді:

1) аккредиттелетін субъектілердің құжаттарын қарау;

2) аккредиттеу туралы шешімдер қабылдау;

3) аккредиттеу туралы куәлікті ресімдеу, тіркеу және беру, не бас тарту туралы дәлелді жауап жіберу.

5. Аккредиттелетін субъектілер мынадай талаптарға жауап беруге тиіс:

1) меншік құқығында немесе өзге заңды негізде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін өндірістік-техникалық базаның болуы:

мамандандырылған өндірістік ғимараттар (баллондардың сорғы-компрессорлық бөлімшесі, төгу-қю бөлімшесі, баллон жөндеу цехы, баллондарды техникалық куәландыру учаскесі, көлік учаскесі, автожөндеу боксы, тұрақ-бокстар, механикалық шеберханалар, баллондарды сақтауға арналған ашық немесе жабық түрдегі қойма);

инженерлік құрылыстар (төгу-қю теміржол эстакадасы, толтырғыш бағандар, су ағынды сорғылармен жарактандырылған суы бар өртке қарсы с ы й ы м д ы л ы қ т а р) ;

газ сақтау объектілері (жалпы көлемі кемінде 300 тонна сұйытылған мұнай г а з ы н с а қ т а у б а з а л а р ы) ;

топтық резервуарлық қондырғылар паркі.

Растаушы мәліметтер ретінде көрсетілген объектілерге меншік құқығын немесе өзге заңды негізді растайтын тиісті құжаттардың көшірмелері;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауды, оның ішінде: қауіпті өндірістік объектілерді және техникалық қондырғыларды өндірістік б а қ ы л а у д ы ;

газ толтыру станциясын, топтық резервуарлық қондырғыларды, газ тұтыну

жүйелерін пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді;
сұйытылған мұнай газын сақтау, тасу және өткізу объектілерін пайдаланудың
техникалық процесін сақтауды;
вагон-цистерналарда келіп түсетін сұйытылған мұнай газының кірісін
бақылау және өткізілетін (босатылатын) өнімнің сапасын бақылауды;
еңбекті, қауіпсіздік техникасын қорғауды және қоршаған ортаны қорғауды;
метрологиялық бақылауды;
өрт қауіпсіздігін;
өнеркәсіптік қауіпсіздікті;
күзет қауіпсіздігін;
авариялық-диспетчерлік және жөндеу өтінімдерін орындауды қамтамасыз
ететін қызметтердің болуы.

Растаушы мәліметтер мен құжаттар ретінде өтініш беруші штат кестесінің
көшірмесін тапсырады;

3) тиісті білім беру деңгейіне жауап беретін, өнеркәсіптік қауіпсіздік
мәселелері бойынша (басшылар үшін – мұнай-газ саласындағы жоғары білімі,
мамандар үшін – кем дегенде арнайы орта білімі) оқудан және нұсқама алудан,
қайта даярлаудан, аттестаттаудан өткен, мамандығы бойынша кемінде екі жыл
практикалық жұмыс тәжірибесі бар мамандардың техникалық басшыларының
білікті құрамының (өндірістік персоналдың жалпы санының кемінде 70 %-ы)
болуы.

Растаушы мәліметтер мен құжаттар ретінде өтініш беруші штат кестесін және
қызметкерлердің әрқайсысы бойынша ақпаратты: тегін, атын, әкесінің атын,
білімі бойынша мамандығын, лауазымын, осы саладағы мамандығы бойынша
жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кестені тапсырады.

4) бекітілген мыналардың:
қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
жөніндегі бағдарламалар мен іс-шаралардың, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік
жөніндегі іс-шаралардың;
қолданыстағы өндірістік объектілерді қайта жаңарту, жаңғырту және
жаңаларын салу жөніндегі бағдарламалардың;
негізгі және көмекші технологиялық жабдықтар мен көлік құралдарын
жоспарлы-алдын ала жөндеу кестесінің;
аварияларды жою жоспарының;
қаланың аварияларды жою жөніндегі қызметтерінің өзара іс-қимыл
жоспарының;

аварияға қарсы жаттығулар мен оқу-жаттығу дабылы жоспарларының болуы.

Растаушы мәліметтер мен құжаттар ретінде өтініш беруші бекітілген
құжаттардың көшірмелерін тапсырады;

5) "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 сәуірдегі № 314 Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган берген және тіркеген қауіпсіздік декларациясының болуы.

Растаушы құжаттар ретінде өтініш беруші қауіпсіздік декларациясының көшірмесін тапсырады;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған зертхананың немесе өнімдердің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау жөніндегі аккредиттелген зертханамен қызмет көрсетуге жасалған шарттың болуы.

Зертханаға меншік құқығын немесе өзге заңды негізді растайтын тиісті құжаттардың көшірмелері немесе аккредиттелген зертханамен жасалған қызмет көрсетуге арналған шарттың көшірмесі көрсетілген мәліметтерді растайтындар болып табылады;

7) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы.

Растаушы құжат ретінде өтініш беруші көрсетілген шарттың көшірмесін тапсырады.

Бүкіл техникалық құжаттама мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуға тиіс.

2. Газ желісі ұйымдарын аккредиттеуді жүргізу тәртібі

б. Аккредиттеуді жүзеге асыру үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама;

3) ұйым жарғысының көшірмесі;

4) осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Осы тармақта көзделмеген өзге де құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.07.2013 № 671

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Аккредиттеу туралы құжаттарды осы Қағидалардың 5, 6-тармақтарына сәйкестігіне қарау құжаттар уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган екі жұмыс күнінің ішінде құжаттар пакетін оның толықтығы тұрғысында тексеру рәсімін жүзеге асырады және қандай да бір құжат болмаған жағдайда бұл туралы өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар етеді. Белгіленген мерзімде хабардар етпеу уәкілетті органды құжаттардың қандай да бірінің болмауы себебінен аккредиттеу туралы куәлікті беруден бас тарту құқығынан айырады.

8. Құжаттарды қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдер қабылдайды.

9. Уәкілетті орган оң шешім қабылдаған жағдайда аккредиттелген субъектілердің тізіліміне тиісті жазба енгізеді және өтініш берушіге Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзімнің ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлік беріледі.

Аккредиттелген субъектілердің тізілімін уәкілетті орган осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

10. Аккредиттеу туралы куәлік Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды, мерзімі белгіленбеген, иеліктен шығарылмайтын болып табылады және оны басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге болмайды.

11. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Аккредиттеуден бас тарту дәлелді негіздемемен жазбаша ресімделеді және осындай шешім қабылданған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жіберіледі.

Егер уәкілетті орган осы Қағидаларда белгіленген мерзімде өтініш берушіге аккредиттеу туралы куәлікті бермесе не оны беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған болса, онда оларды беру мерзімдері біткен күнінен бастап аккредиттеу туралы куәлік берілген болып саналады.

Уәкілетті орган аккредиттеу туралы куәлікті беру мерзімі біткен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оны өтініш берушіге береді.

Уәкілетті орган аккредиттеу туралы куәлікті бермеген жағдайда бес жұмыс күні өткеннен кейін аккредиттеу туралы куәлік алынған болып саналады, ал аккредиттеу туралы куәлікті алғанға дейін уәкілетті органның құжаттарды қабылдау күні туралы белгісі бар тізімдеменің көшірмесі қызметті жүзеге асырудың заңдылығын растайтын құжат болып табылады.

12. Аккредиттеу туралы куәлік беруден бас тартылған жағдайда аккредиттелетін субъект анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қайта өтініш береді.

3. Аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу, қайта ресімдеу

13. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтату:

1) аккредиттеу туралы куәлікті өз еркімен қайтарған;
2) газ толтыру станциясын және (немесе) топтық резервуарлық қондырғыларды меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде иелену тоқтатылған ;

3) заңды тұлға таратылған немесе ол бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған ;

4) осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда сот шешімінің негізінде аккредиттеу туралы куәліктен айырған жағдайларда жүзеге асырылады .

14. Газ толтыру станциясын меншік құқығында немесе өзге заңды негізде иелену тоқтатылған жағдайда газ желісі ұйымы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етеді .

15. Заңды тұлғаның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, аккредиттелген субъектілер уәкілетті органға осы Қағидалардың 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды қоса беріп және осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

16. Уәкілетті орган тиісті жазбаша өтініш тіркелген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдейді.

Бұл ретте бұрын берілген аккредиттеу туралы куәлік күші жойылды деп танылады және аккредиттелген субъектілердің тізіліміне тиісті ақпаратты енгізе отырып, уәкілетті органға қайтарылады.

17. Аккредиттеу туралы куәлік жоғалған жағдайда уәкілетті орган аккредиттелген субъектінің жазбаша өтініші бойынша он жұмыс күніне дейінгі мерзімде аккредиттеу туралы куәліктің телнұсқасын береді.

Аккредиттеу туралы куәліктің түпнұсқасы жарамсыз деп танылады және тізілімге тиісті жазба енгізіледі.

18. Уәкілетті орган аккредиттеу туралы куәліктердің бланкілерін жасауды, есепке алу мен сақтауды қамтамасыз етеді.

19. Уәкілетті органның газ желілері ұйымдарын аккредиттеу туралы не

заңды тұлғаның мекенжайы, орналасқан жері

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктің*
көшірмесі немесе анықтама

Б С Н :

газ толтыру станциясының атауы және орналасқан жері

газ толтыру станцияны иеленуге негіз

Куәлікті берген орган:

Басшы (уәкілетті органның)

Куәліктің ресімделген күні _____

Куәліктің сериясы _____

Астана қаласы М.О.

Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Газ желісі ұйымдарын
аккредиттеу қағидаларына

3-қосымша

Нысаны

Газ желістері ұйымдарының тізілімі

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.07.2013 № 671 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Күні	Аккредиттеу туралы куәліктің сериясы	Газ желісі ұйымының атауы	БСН	Газ толтыру станциясының атауы	Газ толтыру станциясының орналасқан жері	Байланысу деректері
1	2	3	4	5	6	7	8

